

**Садыбек БЕЙСЕНБАЕВ,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің қоғаммен**  
**байланыс және мәдениет жөніндегі**  
**проректоры:**

## **Шынайы халықтық элементтерді көбірек енгізу қажет**

Наурызды бірнеше күн бойы атап өту өте дұрыс әрі табиғи үрдіс деп ойлаймын. Себебі Наурыз бір күнмен шектелетін жай ғана мереке емес. Ол халқымыздың дүниетанымын, өмір салтын, салт-дәстүрін, табиғатпен үндестігін, адамдар арасындағы бірлік пен жаңаруды білдіретін үлкен мәдени құбылыс. Қазақ танымында көктемнің келуі, күн мен түннің теңелуі, табиғаттың қайта тірілуі – бәрі де жаңа өмірдің басталуымен байланыстырылған. Сондықтан мұндай мәні терең мерекені бір күнге ғана сыйғызу мүмкін емес. Соңғы жылдары қалыптасып келе жатқан Наурызнама дәстүрі осы мерекенің мазмұнын тереңдетіп, оның әр күнін белгілі бір рухани құндылықпен байланыстырып отырғаны қуанады.

Өз басым Наурызнаманы толық қолдаймын. Өйткені бұл бастама Наурызды тек сахнадағы концертпен немесе ресми шаралармен шектелетін мереке ретінде емес, халықтың күнделікті өмір салтына айналдыруға мүмкіндік береді. Мысалы, Көрісу күні, Қайырымдылық күні, Шаңырақ күні сияқты атаулы күндер адамдарды бір-біріне жақындатырып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, татулық пен бауырмалдыққа үндейді. Осындай мазмұнды күндер арқылы адамдар тек мерекені тойлап қана қоймай, бір-бірінің жағдайын сұрап, реніштерін ұмытып, жақсылық пен ізгілікті насихаттайды. Бұл Наурыздың шынайы философиясына өте жақын дүние.

Әрине, кейбір өңірлерде Наурыз әлі де болса сахналық немесе концерттік деңгейден аса алмай жатқаны рас. Кейде мереке белгілі әншілерді шақырып, концерт ұйымдастырып, сонымен шектеліп қалғандай әсер қалдырады. Бірақ мұны үлкен мәселе деп қарауға болмайды,



бұл уақыт өте келе түзелетін дүние. Ең бастысы халықтың қатысуын арттыру. Наурыз мерекесінің мәні халықтың өз ішінде, ауыл-аймақта, көшеде, шаңырақта аталып өтуінде. Сондықтан ұлттық ойындарды, салт-дәстүрлерді, көрісу рәсімдерін, бата беру дәстүрін, ұлттық тағамдарды өзірлеу сияқты шынайы халықтық элементтерді көбірек енгізу қажет. Сонда ғана мереке өзінің бастапқы рухани мазмұнын толық аша алады.

Жалпы алғанда, Наурызнаманың енгізілуі Наурыз мерекесінің аясын кеңейтіп, оны бір күндік ойын-сауық емес, ұлттық рухты жаңғыртатын, қоғамды біріктіретін үлкен халықтық мерекеге айналдыруға жол ашып отыр. Бұл халқымыздың тарихы мен дәстүріне сүйенген дұрыс бағыт. Сондықтан Наурызды бірнеше күн бойы мазмұнды, мағыналы түрде атап өту ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртудың және қоғамдағы бірлікті нығайтудың тиімді жолдарының бірі деп есептеймін. Наурызнаманы қос қолдап қолдаймын.